

"Жасыл супермаркет"

облыстық байқауының ережесі

1. Жалпы ережелер

Бұл ереже "Жасыл супермаркет" облыстық байқауын ұйымдастыру және өткізу тәртібін белгілейді. Байқау экологиялық білім мен дағдыларды қалыптастыруға, сондай-ақ өскелең ұрпақ пен Павлодар облысының тұрғындарының арасында экологиялық мәдениетті қалыптастыруға бағытталған.

Өткізу мерзімі: 13 қаңтар 2023ж. - 28 ақпан 2023ж.

2. Байқаудың қатысушылар

2.1. Байқауға мектеп оқушылары қатыса алады:

Павлодар облысының 7-10 жастағы білім беру ұйымдарының (мектептер, интернат-үйлер, қосымша білім беру ұйымдар) тәрбиеленушілері мен оқушылары (1-4 сынып);

Қатысу жеке немесе ұжымдық болуы мүмкін.

3. Байқауды ұйымдастыру комитеті

Ұйымдастыру комитеті облыстық жобаны ұйымдық-әдістемелік қамтамасыз ету үшін құрылады.

Байқауды ұйымдастыру комитеті:

- қазылар алқасының құрамын, сарапшылар тобын анықтайды;
- БАҚ-та жобаның орындалуы мен нәтижелері туралы ақпаратты жариялайды;
- Өткізудің мерзімін және шарттарын анықтайды

4. Байқау жұмыстарға қойылатын талаптар

Белгілі бір өнімді таңдауда, оған орам жасалған материалдарға назар аудару керек. Және қайта өңделетін материалдардың пайдасына таңдау жасау, өйткені біздің планетамыз қайта өңделмейтін пластикпен және басқа да тұрмыстық қалдықтармен толтырылған (ластанған). Егер біз өндіруші фирмаларды және дүкендегі сөреде жақсы сақталатын өнімдердің аттарын білетін болсақ, онда өндірушілер өз тауарларын қайта өңделетін материалдарға немесе өздігінен ыдырайтын экологиялық таза қаптамаларға орауға көшуі мүмкін.

Байқау барысы:

1. Дүкенге экологиялық таза сапар ережелерін оқып шығыңыз (А қосымшасы);

2. 3,6 және 7 сандармен үшбұрышты белгішесі бар қайта өңдеуге болмайтын пластикалық тауардың зат белгісі аттарын табыңыз және жазыңыз (өндіруші компанияны және өнімнің атауын);
3. Табылған өңделмейтін қаптаманы суретке түсіру;
4. Электрондық коллаж жасау, суреттерді тізімге сәйкес нөмірлеу;
5. Сол өнімнің атауларымен, бірақ қайта өңделетін пластиктен (шыны, картон, металл) жасалған қаптамада балама (альтернативтік) тізім жасау. Мысалы, 6 саны бар қаптамадағы йогурт _____ атауы өндіруші _____ – қаптамадағы 5 саны бар йогурт _____ атауы өндіруші _____. Консервіленген томат пастасы және шыны ыдыстағы томат пастасы - шыныдан сатып алған дұрыс;
6. Қорытындылар мен ұсыныстарды жасау;
7. Microsoft Word құжатына конкурстық жұмысты ресімдеу.

Маңызды! Зерттелетін тауарларды сатып алудың қажеті жоқ, өнімнің атауы мен өндірушінің атауы бар қаптаманы суретке түсіру жеткілікті.

Конкурстық жұмысты ресімдеу:

Microsoft Word бірыңғай құжатына қайта өңделмейтін материалдардан жасалған табылған қаптамалардың фотосуреттері, өндіруші фирмалардың тізбесі мен өнімдердің атаулары, конкурсқа қатысушымен фотосуреттер), қатысушының түсініктемелері (тұжырымдар мен ұсынымдар) орналастырылады. Құжатқа қатысушының аты-жөні, мектеп атауы, ауданы/қаласы және қатысушының оқу сыныбы жазу керек.

2023 жылғы 28 ақпаннан кешіктірмей конкурстық жұмысты eco_bilim@mail.ru электрондық мекенжайна жіберу қажет. Хат жіберген кезде мектептің атын жазыңыз.

87072132013 әдіскер Оразбаева А.А.

Дүкенге экологиялық таза сапар ережелері

1. Бірінші ереже - сөмкеңізбен дүкенге бару. Супермаркеттен әр уақытта полиэтилен пакеттерін сатып алмаңыз – сатып алынған пакетті үйден алып қолданыңыз. Ең дұрысы, қайта пайдалануға болатын сөмкелерді, мата шоперлерін алып жүріңіз. Мүмкіндігінше сатып алынған тауарлардың қосымша қаптамасынан бас тартыңыз.
2. Артық сатып алмау үшін сатып алу тізімін алдын ала жазыңыз.
3. Ең аз қаптамасы бар өнімдерді таңдаңыз, жақсырақ оңай қайта өңделетін (қағаз, шыны). Үнемі қолданылатын тауарлар мен азық-түліктерді үнемді үлкен пакеттерде сатып алыңыз (мысалы, кір жуғыш затты бірнеше кішкене пакеттерге қарағанда үлкен пакеттерде сатып алған дұрыс).
4. 7, 6, 3 сандарымен қаптамадан аулақ болыңыз. 3, 6, 7 сандары бар пластикалық қаптамадағы тауарлар қайта өңделмейді және қоршаған ортаны 500 жыл немесе одан да көп ластайды.
5. Чектерді ұзақ уақыт қолыңызда ұстамаңыз. Мүмкін болса, чектерді басып шығармаңыз, суретке түсіріңіз. Чектерде басып шығару кезінде бисфенол А зиянды затты қолданылады. Бисфенол А - бұл ағзалар жүйесінің өзгеруіне және ауруларға әкелуі мүмкін улы зат. Бұл токсиннің 1 мкг теріге енуі үшін чекті қолыңызда бес секунд ұстау жеткілікті. Егер қолыңыз дымқыл болса немесе қағаздың өзі суланса, дозасы он есе артады. Балаларға чекті бермеңіз!